

**Лебяжі аудандық мәслихаттың (V сайланған II кезектен тыс сессиясы) "Лебяжі ауданы бойынша 2012 жылғы әлеуметтік көмекке құқығы бар азаматтардың санаттары туралы" N 3/2 шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 2012 жылғы 26 шілдедегі N 2/8 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 16 тамызда N 12-9-170 тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 2013 жылғы 17 қазандағы N 1-19/184 хаты)

**Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 17.10.2013 N 1-19/184 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11-бабы 2-тармағы 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі N 394 қаулысымен бекітілген "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, Лебяжі аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Лебяжі аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 30 қаңтардағы N 3/2 "Лебяжі ауданы бойынша 2012 жылғы әлеуметтік көмекке құқығы бар азаматтардың санаттары туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 12-9-157 тіркелген, 2012 жылғы 25 ақпандағы "Аққу үні" N 8 газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

1-тармақ келесі мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

"14) социалистік еңбек ерлері.";

2 – т а р м а қ т а :

1) тармақшаның екінші абзацында "10000" деген сандары "67000" деген

сандарымен

ауыстырылсын;

2) тармақшада:

төртінші абзацында "көлемінде," деген сөзден кейін "күрделі жөндеу жасау үшін 1000000 теңге көлемінде," деген сөздермен толықтырылсын;

келесі мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"ай сайынғы материалдық көмек:

1-тармағының 14) тармақшада көрсетілген санаттарға айдың 25-не дейін нақты қолданылған электр қуатын төлеу үшін;

бір жолғы материалдық көмек:

1-тармағының 14) тармақшада көрсетілген санаттарға пәтерлеріне күрделі жөндеу жасау үшін 1000000 теңге көлемінде, өтініш түскен күннен бастап 15 күн ішінде;";

3 – тармақта:

1) тармақшасы "13)" деген сандарынан кейін ", 14)" деген сандарымен толықтырылсын;

келесі мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) 1-тармағының 1), 14) тармақшаларында көрсетілген санаттарға пәтерлеріне күрделі жөндеу жасау үшін нақты көлемінде айқындалған жұмыстарды орындаушы мен өтініш берушінің арасындағы орындалған жұмыстардың қол қойылған актісі."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала және мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Р. Мусин*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Қ. Әлтаев*